Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 1 апта

Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы.
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ.
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09.-06.09.2024ж.

«Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік»

Күн тәртібі	**Дүйсенбі** **02.09**	**Сейсенбі** **03.09**	**Сәрсенбі** **04.09**	**Бейсенбі** **05.09**	**Жұма** **06.09**
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. **«Өнегелі 15 минут»** - Әңгімелесу «Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы», «Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?» **Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе?Қайырлы таң! Қайырлы күн!Кешіріңіз**				
Балалардың күнделікті орындайтын әрекеттері	«Менің Қазақстаным»,ҚР мемлекеттік гимнін күнделікті орындау. .Балалармен мінез-құлық ережелері,төтенше жаңдайдағы әрекеттер,серуен кезіндегі арнайы аумақтарда жүру,бей таныс адамдармен сөйлеспеу,табиғаттағы қауіпті нысндардан аулақ болуға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күз мезгілінің маусымдық өзгерістермен таныстыру. Жанды және жансыз табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылауды үйрету арқылы зейіндерін дамыту. **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	«Қай жануар артық» Мақсаты: Жасырылған жануарларды таба алады	«Қуыршақты киіндір» мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдерін тануға үйрету **Ұлттық құндылық**	Заттардың белгісі мен қасиеттерін анықтай білуге жаттықтыру. Табиғатты сүюге баулу **Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет**	Асық ойындары«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Бестемше: «Дарабоз» (тәрбиеленушілердің арасында) «Жарысқа шық, жанұя» (ата-аналардың арасында) **Ұлттық құндылық Біртұтас тәрбие**
Таңертеңгі жаттығу	**Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде				

	1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)**				
Таңғы ас	**«Үнемді тұтыну» -** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)** Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарықатынас негіздерін дамыту. Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.				
Апта дәйек сөзі	**«Білім қымбат қазына,қанағат тұтпа азына»** Мұзафар Әлімбаев				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бала, оның отбасы, үйі. «Мен» бейнесін, құрдастарын, өзін балалар қоғамының бір мүшесі ретінде сезінуге, әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға үйрету, өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын, ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін	Біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету Шама ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. **Математика негіздері**	Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **Құрастыру**	Заттық сурет салу. Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру **Сурет салу**	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету **Көркем әдебиет**

	дамыту. **Қоршаған ортамен танысу**				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** «Бір орыннан ұзындаққа секіру». Заттарсыз орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар. **Мақсаты:** Бір орынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту. Еркін ойын: «Мысық пен торғайлар». Күтілетін нәтиже: бір орыннан ұзындыққа секіруді біледі. **Жапсыру,сурет салу Шығармашылық орталық «Менің үйім»**Берілген пішіндерді желімнің көмегімен қағаз бетіне орналастырып, үй ағаш құрастырады және үйдің суретін бояйды.	**Дене шынықтыру** «Еңбектеу мен доға немесе білте таяқтың (рейка) астынан өту». Орамалмен орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар **Мақсаты**: Еңбектеу мен доғаның астынан өтуді кезектестіріп орындауды үйрету. Бір орында тұрып, ұзындыққа секіруді жетілдіру. Көлденең тұрған нысанаға затты лақтырып жаттықтыру. Еркін ойын: «Көпіршік» Күтілетін нәтиже: көлденең тұрған нысанаға затты лақтыруды біледі. **Санамақ** Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – атам, Балан үйрек – апам, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүймек – анам, Кішкентай бөбек – мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз.	**Музыка** **Мақсаты:** Әртүрлі аспапта орындаған ,қарқындағы музыканы қабылдау **Ән тыңдау:** «Білімнің бұлағы»(Сөзімен әні:Т.Қоңыратбай) **Ән айту:** «Бала-бала баламыз» (Б.Бейсенова) **Ырғақты қимыл:** Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. **Күтілетін нәтиже:** - Музыканың тыңдау дағдысын меңгереді; - Музыкалық шығарманың қарқынын ажыратады; - Әуеннің басталуы мен аяқталуына мән береді; **Үстел-үсті ойыны «Отбасымен саяхат»**	**Дене шынықтыру** «Тепе-теңдікті сақтау». **Текшемен орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар.** **Мақсаты:** Тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Қозғалыс белсенділігінің уақытын кеңейту. Қимыл-қозғалыс үйлесімді ету қабілетін дамыту. **Еркін ойын:** «Нысанаға дәл тигізу». **Күтілетін нәтиже:**тепе-теңдікті сақтап жүруді біледі. **Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу** Маманның жоспары бойынша Санамақ Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – атам, Балан үйрек – апам, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүймек –	**Қазақ тілі** Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым –қатынас жасауына жағдай жасау. **Шығармашылық орталық** **«Әжеме гүл»** Берілген пішіндерді желімнің көмегімен қағаз бетіне орналастырып, гүл құрастырады. **(жапсыру)** **Үстел-үсті ойыны** **«Мозайкалардан үйдің бейнесін құрастыру» үстел үсті ойыны** ұсақ қол моторикасын дамытады **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **Кітап бұрышы** **«Әжемнің ертегісі»**

	көркем әдебиет Кітап бұрышы «Бауырсақ ертегісі» Балаларға ертегіні оқып беру. **Сөйлеуді дамыту Үстел-үсті ойыны** **«Менің отбасы мүшелерім»** Отбасы мүшелерінің атауын атайды, ағаш бейнесіне жапсырады. **Сюжетті-рөлді ойындар** **«Отбасы мүшелерін рөлге бөлу»** Әр бала отбасы мүшесін сомдап шығады. **(көркем әдебиет, қораған ортамен танысу)** **Құрылыс орталығы «Пішіндерден үйшік құрастыру» (қоршаған ортамен танысу, құрастыру)** **Мүсіндеу «Доп»** **Мақсаты:**Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту,ермексаздан	**(сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет)** **Шығармашылық орталық** **«Менің бесігім»** Берілген бесік суретін саусақ ұшымен бояу. **(сурет салу)** **Кітап бұрышы** **«Әжемнің ертегілері»** Кітап бұрышында балалармен ақылдаса отырып, ертегіні таңдап, сол ертегімен танысу. **(көркем әдебиет)** **Үстел-үсті ойыны** «Атамның асықтары» Балалар асықтарды санайды, ірек, түзу жолдар жасайды. **(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)** **«Қояндарға арналған сәбіз»** **Мақсаты:**Сопақша пішінді мүсіндеуді үйрету,ермексазды дұрыс қолдану	Берілген дайын пазлдардан өзіне ұнаған саяхатты таңдап құрастырады, сұраққа жауап береді. **(сөйлеуді дамыту)** **Шығармашылық орталық** **«Анама сыйлық»** Ермексаздан гүл жасау. **(мүсіндеу,жапсыру)** **Кітап бұрышы «Бұл менің отбасы мүшелерім» диалог құра білу.** Менің отбасым суреттерін досына көрсете отырып, отбасы мүшелерін атайды. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Сюжетті-рөлді ойындар** **"Шалқан" ертегісі** Бет перделермен ертегі кейіпкерлерінің рөліне ену. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** Заттарды өлшемі	анам, Кішкентай бөбек – мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз. **Үстел-үсті ойыны** **«Отбасы мүшелері кім болып жұмыс істейді?»** Суреттерге қарай отырып, отбасы мүшелерінің мамандықтарын табады. **(сөйлеуді дамыту)** **Құрылыс орталығы** **«Атамның жылқыларына қора құрастыру»(қоршаған ортамен танысу, құрастыру)** **Кітап бұрышы«Менің отбасым» альбомын құрастыру. (көркем әдебиет)** **Сюжетті-рөлді ойындар** **"Отбасыммен туған күн тойлаймыз"** **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** **Шығармашылық**	Кітап бұрышында балалармен ақылдаса отырып, ертегіні таңдап, сол ертегімен танысу. **(көркем әдебиет,сөйлеуді дамыту)** **Сюжетті-рөлді ойындар** **"Отбасылық дастархан"** Әр бала отбасы мүшесін сомдап шығады. Үстелдегі орындарын белгілейді. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** **Құрылыс орталығы** **«Көпқабатты үй»** құрастырады **(қоршаған ортамен танысу, құрастыру)** **«Көжектерге арналған сәбіздер»** **Мақсаты:**Көжектер туралы түсінік беру,ермексаздан сәбіздерді мүсіндеу және сәбіздердің суреттерін бояу.

	жұмыр пішінді доп жасауды үйрету. **Математика нагіздері. Мақсаты: «Көп» «бір» Ұғымдары туралы ұғымдарды қалыптастыру.д\о «Көп,аз»** **Мақсаты:**Балалар ойыншықтарды санына қарай жинастыру.	жолдарын дамыту және қоянға арналған сәбіздің суретін жапсырту. **(Мүсіндеу,жапсыру)** **Сюжетті-рөлді ойындар"Отбасы мүшелерін рөлге бөлу"** Әр бала отбасы мүшесін сомдап шығады. **(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)** **Құрылыс орталығы** **«Үй құрастырайық»** үй қандай пішіндерден құралды, қандай пішіндерден тұратынын әңгімелесу. **(қоршаған ортамен танысу, құрастыру)**	бойынша салыстыру **«ұзын қысқа,биік аласа» д\о «Шарбақтар» Мақсаты:** Балалар шарбақтардың ұзын қысқа биік аласасын салыстыру **Құрылыс орталығы** **«Әкемнің көлік тұрағы»** Құрылыс материалдарынан көлік тұрағын құрастырады,Көліктің суретін бояйды. **(қоршаған ортамен танысу, құрастыру,сурет салу**	**орталық** **«Әкемнің көлігі»** Берілген пішіндерді желімнің көмегімен қағаз бетіне орналастырып, көлік құрастырады. **(жапсыру)** **«Геометриялық пішіндер» Мақсаты:** үшбұрыш,дөңгелекпен таныстыру. д\о **«Пішіндер» Мақсаты:**Балалар топтағы пішіндер туралы ұғымдарды қалыптастыру.	**(сурет салу.мүсіндеу)**
Екінші таңғы ас	«Ас- адамның арқауы» Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру:мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз.				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. **(дербес әрекет)**				
Серуен	**Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құраған жапырақтарды бір ортаға жинау).** Мақсаты. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Ханталапай» ұлттық ойыны (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)** Мақсаты. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, ұлттық ойын арқылы ептілікке, шапшаңдыққа,				

	қызыға ойнауға баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, **«Үнемді тұтыну» -** қолдарын жуу кезінде суды үнемді тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, сөйлеуді дамыту)**
Түскі ас	**«Үнемді тұтыну» -** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану үнемді тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Асты шашпай, төкпей іш, Сораптамай, баппен іш. Келген асты алдыңа Тауысып іш, қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.
Күндізгі ұйқы	**«Күй күмбірі» -** балалар ұйқыға жатқанша күй тыңдау. Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.
Бірте-бірте ұйқыдан тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. **(дербес әрекет, дене шынықтыру) «Үнемді тұтыну» -** Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.
Бесін ас	**«Үнемді тұтыну» -** Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)** Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды.

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Біреу – көп» ойыны. фланелеграфтағы бір және көп заттардың суреті салынған плакатты көрсетеді. Балаларды суретте қай заттар біреуден, қай заттар көп екендігін сұрайды. Кірпілер тек алманы ғана емес, саңырауқұлақтарды да қатты жақсы көретінін айтады. Суретте кірпілерді табуды ұсынада. Кірпілердің арқаларында нешесаңырауқұлақ барын ата? Себетте неше саңырауқұлақ барын ата? **Математика негіздері,сөйлеуді дамыту –**Суреттен нені көріп тұрсыңдар? Алаша қандай пішінге ұқсайды? Қандай түсті жолақтардан жасалған? –Балалар, ертегілер әлеміндегі ханзадаларға сиқырлы алашалар керек екен, көмектесіп жіберейік. Алдын ала үлгіден қиып алып дайындаған көк және қызыл түсті жолақтарды кезектестіре отырып, тігінен, солдан оңға қарай үлгідегідей етіп жапсырамыз	«Суреттерді қарап шығып, күздің бізге не сыйлағанын айтып бер. Күзгі жапырақтың суретін боя. Ол қай ағаштан үзіліп түсті екен?» **Қоршаған ортамен танысу** Жатыр дала жалтылдап, Жаз шуағын мол құйды. Күн астында алтын дән Тербеледі, толқиды. Толықсыған тасқындай Көкжиекпен ұштасып, Күн астында ақ бидай Билейді қол ұстасып.**Көркем әдебиет**	«Күзгі жапырақтардың түсуі» атты тыныс алу жаттығуына қатысады. Жаттығуларды орындайды: Бөтелкенің қақпағындағы есікке салынған түтікшеден үрлейді. Жел пайда болады. Түрлі түсті қағаз майлық қиындыларымен толтырылған бөтелке мен түтікшелер таратып береді.**Қоршаған ортамен таныстыру** Балалар жіңішке жолақ қағаздардың әр түстерін таңдап, жапырақтарды үзіп қияды, көп жапырақ қиып алған соң оны ағаштарға орналастырады,қағазға жабыстырады. **Құрастыру,жапсыру**	Бұл не заттар? Түстері қандай ? Ұзындықтары, пішіні неге ұқсайды? Неден жасалған? Бұл – ленталар. Ұзын жолға немесе жолақтарға ұқсайды. Шүберектен жасалғанЕнді алдарында тұрған үлестірмелі материалдардағы ленталарға мұқият қараңдар. Бұл ленталар ұзын жолға ұқсайды. Осы ленталарды қылқаламды бояуға батырып бояйды.**Сурет салу**	Бес саусаққа киілетін театр әлемімен таныстыру, әр баланың саусағына кигізіп, саусақ театры туралы түсінік қалыптастыру (Саусақ театры)

	Жапсыру көлеңке тауып орналастыру.**Құрастыру**				
Балалармен жеке жұмыс	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:** балаларға сурет салу бойынша қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Сейліхан Айсұлтан, Болатбек Хантөре, Мақсатқызы Ақмарал Шығармашылық дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:**сөздерді дұрыс айтуды үйрету Алахыш Нұржау, Әрми Дархан, Жеңіс Мұстафа Коммуникативтік дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Өзара қарым-қатынасқа түсуді үйрету Міндеті:** Өлең, тақпақтар жаттату. Әрми Дархан, Тұрсын Рамина, Абдел Айшолпан Коммуникативтік дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:** Түстерді ажыратуды үйрету Амантай Заңғар Сейсен Айзере Мақсұтбек Нұржігіт Шығармашылық дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті** Шеңбер бойымен шашырап, қайта шеңберге тұруға үйрету. Қанатбек Асыл Тұрғанбай Бейбарыс Тұрғанбай Бекарыс Физикалық қасиеттерді дамыту
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. **(дербес әрекет, мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Серуен	**Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)** Мақсаты: Көлеміне, қозғалу тәсілдеріне назар аудара отырып, әртүрлі құстардың сыртқы түрінің айырмашылығын таба білуге үйрету. **Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құраған жапырақтарды бір ортаға жинау).** Мақсаты. Топта жұмыс істеуді үйрету, ересектерге көмек көрсету. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Ханталапай» ұлттық ойыны (2-3 рет ойнатылады). (дене шынықтыру)** Мақсаты. Балалардың денсаулыққа, ойынға құштарлықтарын дамыту, ұлттық ойын арқылы ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.** Мақсаты. Қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	**«Өнегелі 15 минут»** - Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында адамгершілік және мінез-құлық туралы әңгіме жүргізу **Сыпайы сөздер: Сау болыңыз! Рахмет!**				

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы
Қыркүйек айы 2024 жыл 2 апта

Білім беру ұйымы: «Балауса» бөбекжай-балабақшасы.
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ.
Балалардың жасы: 3 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 02.09.-06.09.2024ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 09.09.2024ж	Сейсенбі 10.09.2024ж	Сәрсенбі 11.09.2024ж	Бейсенбі 12.09.2024ж	Жұма 13.09.2024ж
Балаларды қабылдау	**«Күй күмбірі»**Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу, көңіл күйін қал жағдайын сұрау.**Коммуникативтік дағды Физикалық дағды**	**«Күй күмбірі»**Қазақ күйінің сүйемелдеуімен қарсы алу **Ұлттық құндылық Шығармашылық дағды**	**«Күй күмбірі»**Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. **Әр бала өз тілегін білдіру Коммуникативтік дағды**	**«Күй күмбірі»**балаларды қазақ халқының әйгілі күйшісі Дина Нүрпейісованың күйін тыңдату **Біртұтас тәрбие Әлеуметтік дағды**	**«Күй күмбірі»**Балалар мен ата- анларды Күй әуеніне байланысты қимыл қозғалыс жасау **Коммуникативтік дағды Физикалық дағды**
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	**Өнегелі 15- минут** .Балалар демалыс күндерін қалай өткізді немен шұғылданды, әр баламен жеке әңгімелесу,Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау. **Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе?Қайырлы таң! Қайырлы күн!Кешіріңіз**				
Балалардың күнделікті орындайтын әрекеттері	«Менің Қазақстаным»,ҚР мемлекеттік гимнін күнделікті орындау.Балалармен мінез-құлық ережелері,төтенше жаңдайдағы әрекеттер,серуен кезіндегі арнайы аумақтарда жүру,бей таныс адамдармен сөйлеспеу,табиғаттағы қауіпті				

	нысндардан аулақ болуға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ұлттық бұрыштағы» ұлттық тағамдар суреттерін көріп, әңгімелесу. Қандай тағамдар пайдалы , жеміс- тердің дәруменге бай екенін түсіндіру **Ұлттық құндылық Экологиялық тәрбие Қоршаған ортамен таныстыру**	«Тату-тәтті отбасы» Мақсаты: Балалар ойын арқылы отбасы мүшелерін дұрыс атауды үйренеді. **Коммуникативтік дағды**	Музыка тыңдау, шаттану. ойын: «Бұл не?» Міндеті: топ бөлмесімендегі заттарды атау **Коммуникативтік дағды**	«Балабақшадағы қауіпсіз мінез-құлық ережелері» таныстыру, видеоролик көрсету **қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекет түрі**	Қауіпсіздік ережелері. Жол қауіпсіздігі ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыру **Бір тұтас тәрбие жоспарынан**
Таңертенгі жаттығу	**Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** **Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында.				

	4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет)**				
Таңғы ас	«**Үнемді тұтыну**» Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Апта дәйек сөзі	**«Жанұям-қорғаным, ата-анам- тірегім»**				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету **Кітап бұрышы**	Тілдің грамматикалық құрылымы -сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, Байланыстырып сөйлеу: -суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау **Сөйлеуді дамыту**	Заттық мүсіндеу: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. **Мүсіндеу**	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру **Жапсыру**	Нан қоқымын шашпағдар Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Көркем әдебиет**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** «Көлбеу қойылған тақтай үстімен жүру» Доппен орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар. **Мақсаты:** Көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруге үйрету. Негізгі қасиеттерді –	**Дене шынықтыру** Сылдырмақтар йыны». Қалаушалармен рындалатын жалпы амытушы аттығулары егізгі қимыл-қозғалыс аттығулар Мақсаты: ұсқаушының белгісі	**Музыка.** **Мақсаты:** Балабақша туралы әңгімелеу. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеруге үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауға,	**Дене шынықтыру** «Оң және сол қолмен лақтыру». Текшемен орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар Мақсаты: Көлденең қойылған нысанаға затты лақтыруды үйрету.	**Қазақ тілі** Күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді айтуды үйрету **(ата,апа,көке,тәте)**ерт егілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету

	шапшаңдық, ептілікті дамыту. Оң және сол қолмен алысқа лақтыруға үйрету; балалардың бір-біріне көңіл аударуына, ынтымақтаса ойнауына көңіл бөлу. Еркін ойын: «Ұядағы құстар». Күтілетін нәтиже: көлбеу қойылған тақтай үстінде жүруді біледі.	ойынша бағытты уыстырып жүру және үгіруге жаттықтыру; Сылдырмақтар» йынының шартын үсіндіру. Негізгі асиеттерді – апшаңдық, ептілікті амыту. Еңбектеуге әне еденде қырымен ұрған баспалдақ аяқшаларының расынан еңбектеп туге жаттықтыру. ркін ойын: Сылдырмақ» Күтілетін нәтиже: нұсқаушының белгісі бойынша бағытты ауыстырып жүру және жүгіруді.	ересек тобымен бірге ән салуға баулу. Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру **Музыка тыңдау:** «Сәби қуанышы» (Е.Хасанғалиев) **Ән айту: :** «Топ-топ, балақан» (М. Арынбаев, А. Асылбек.) **Ырғақты қимыл:** «Достастық» «Кел,балақан» биі **Күтілетін нәтиже:** Билейтін әуендерге сәйкес қарапайым қимылдар орындайды, әннің сипатын сезінеді, ересек тобымен бірге ән салады.	Негізгі қасиеттерді – шапшандық, ептілікті дамыту. Көзбен мөлшерлей білу дағдысын және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамытуға ықпал ету. **Еркін ойын:** «Қоңыздар» **Күтілетін нәтиже:**оң және сол қолмен көлденең лақтыруды біледі.	
	Табиғи материалдармен ойыншық жасату(жаңғақтармен) мүсіндеу. **Мүсіндеу** Геометриялық пішіндерді таныстыруды жалғастыру. Карточкалармен жеке	«Маша мен аю» ертегісін айтып беру, қайталап айту дағдыларын дамыту. Көңілді музыкаға би билеуді үйрету. **көркем әдебиет, музыка** сурет бойына оң жақ пен сол жақты	Үй жануарлары мен жабайы жануарлар бейнеленген кітаптарды қарату. Жануарлардың азығы жайлы түсінігін қалыптастыру **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** Сурет бойынша	Әндер мен тақпақтар және билерді қайталату. **көркем әдебиет, музыка** Құрастыру материалдарынан қуыршаққа үйшік құрастыруды жетілдіру. **құрастыру**	Балалардың апта бойы жасаған жұмыстары бойынша еркін әрекеттерді ұйымдастыру. **сурет салу, мүсіндеу, жапсыру** Еркін іс әрекеттер

	жұмыстарды орындату. Сәйкес пішінмен сызық арқылы қосу **математика негіздері** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарда еркін іс әрекеттер	ажырату. **Математика негіздері**	тапсырма,оң жақ және сол жақ **Математика негіздері**	Еркінісәрекеттер	
Екінші таңғы ас	«Ас- адамның арқауы» Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру:мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**				
Серуен	**Бақылау:** Ауа-райын бақылау. **Мақсаты:** Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. **Еңбек: «**Таза алаң». **Мақсаты:** Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуов «Күшік». **Мақсаты:** Үдыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е.Өтетілеуов.	**Бақылау:** Күзгі жапырақтарды бақылау. **Мақсаты:** Мезгілге байланысты жапырақ түстерінің өзгеруін қадағалау. **Еңбек**: Жапырақтардан гүл шоғын жасау **Мақсаты:** Қол икемділігін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. **Жеке жұмыс:** «Күзгі жапырақ» тақпақ Қыстың жақын қалғанын, Желмен ұшып барады, Жапырақтар сезгендей. Жерге қонып	**Бақылау:** Алтын күзді бақылау. **Мақсаты:** Күзгі алаңның назар аударып, күздің алғашқы белгілерін анықтау.Қай ағаштың жапырақтары ерте өзгеріске ұшырайтынын, түрін, түсін ажырату. Қуандырып біздерді, Кел жемісті алтын күз Мерекелі күз келді Кемелденсін халқымыз. **Қимылдық ойын:** «Жылғадан қарғып өтеміз», «Қоян мен қасқыр». **Мақсаты** :Ептілікке, жылдамдыққа бірлесіп ойнауға	**Бақылау:** Жәндіктерді бақылау. **Мақсаты:** Күзде жәндіктер қысқа қалай дайындалады?Мінекей, құмырсқаларды қараңдаршы, өз азықтарын жинап еңбектеніп жатыр. «Қыстың қамын жаз ойла». **Еңбек**: Біздің алаң. **Мақсаты:** Ауладағы жапырақтарды жинау.Балалардың еңбекке ынтасын арттырып , өздігінен еңбек ете білуге үйрету. **Жеке жұмыс**: Тыйым сөздерді жаттату. **Мақсаты:** «Суға түкірме «, «Нанды баспа», «Дастархан басында кекірме» т.б сөздердің	**Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Күн көзінің жарығын күннен тараған сәуле (жарық) оның бүкіл табиғат үшін пайдалы да қажеттілігін ашу. **Қимылдық ойын:** «Таяқшадан аттап өт», «Қуаласпақ» **Мақсаты:** Жылдамдыққа , ептілікке баулу. **Еңбек**: Гүл шоғы. **Мақсаты:** Алаңдағы жапырақтарды жинап , олардан әдемі гүл шоғын жасау. **Жеке жұмыс:** Е.Өтетілеуұлы . «Бағдаршам» **Мақсаты:** Бағдаршаммен

	«Күшік». Үреді үйшікте Біреуі қардай ақ, Аулада күшіктерБіреуі сұр жолақ Біреуі оның қап-қара, Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Біреуі сары ала.Үреді абалап **Ойын:** «Қасқыр мен қаздар». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Әткеншек тебу. 2. Допты қуалау**.** **Тренинг:** «Біз біргеміз».	үлгермей **Мақсаты:** Балалардың тілдерін дамыту арқылы, сөздік қорын дамыту. **Ойын:** «Аю жүрген орманда». **Мақсаты:** Қимыл қозғалысын дамыту **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Орта доп 2.Әткеншек тебу 3.Қуаласпақ **Тренинг:** «Бір шаңырақ астында».	үйрету. **Еңбек**: «Таза алаң» **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.Бастаған ісін аяғына дейін тиянақты орындауға үйрету. **Жеке жұмыс:** «Отбасы мүшелері» **Мақсаты:** Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету. **Дербес ойындар.** **Тренинг:**«Біз татумыз».	мағынасын айтып түсіндіру. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1. Тығылыспақ. 2. Тартқышқа тартылу. 3.Допты қуалау.	таныстыру.Жолда жүру ережелерін түсіндіру. Е.Өтетілеуұлы «Бағдаршам» Сақта көше тәртібін Сары жанса , сабыр Бағдаршамның ал «тілін» Сақтай тұрам әзір. Біліпт алдым мен де: Жанса қызыл шоқтай, Жасыл жанса, демде Қаламын кілт тоқтай. Алға кетем лезде. **Балалардың өз бетімен ойнауы:** 1.Төбешіктен-төбешікке секір. 2.Күн мен түн **Тренинг:** «Күн шуағы».
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (**дербес қимыл әрекеті).**				
Түскі ас	«Үнемді тұтыну»Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **Біртұтас тәрбие (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)**				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары	*Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)**				

	Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету.**(мәдени-гигиеналықдағдылар)**.				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)**				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ойыншықтар қайдан келеді? Бізге ойыншықты көп сыйлайтын адамдар? сөздік қорын кеңейту,байланыстырып сөйлеуді үйрету. **сөйлеуді дамыту** Сылдырмақ Өзінше бір жыр жырлап, Отырінімбылдырлап. Әрі ойыншық, әрі аспап Қолындабарсылдырмақ. *К.Ыбрайұлы* Өлеңді оқып беру. Өлеңнің мағынасын түсіндіру. Бірге жаттау. **көркем әдебиет, жапсыру.** Балаларды орталықтарға бөліп құрастыру және сурет салу дағдыларын	Көлік құралдары ойыншықтарымен таныстыру. Олардың өмірдегі қызметі туралы айту, қалай ойнауға болатынын көрсету. «Артығын тап» (әуе жер, су көліктер) бойынша карточкалармен жұмыс жасату **сөйлеуді дамыту** Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп көліктердің суретін салдырту, мүсінін жасату және қағазға жапсырту.**сурет салу, мүсіндеу, жапсыру**	Балалардың қалауы бойынша топтағы қалаған ойыншығын алуына жағдай жасап ойнату Таңдаған ойыншығының **суретін салу және жапсыру, мүсіндеу**жұмыстарын орындату үй жануарлары мен жабайы жануарлар ойыншықтарын тамашалау. Олардың кітаптарға бейнелерін табу. Өз ойларын айтқызу. **сөйлеуді дамыту**	«Менің қуаршағым» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі қуыршағын сипаттау, топтағы қуыршақтармен салыстыра сөйлеуді үйрету **сөйлеуді дамыту** Өзінің сүйікті қуыршағының киімін бояу немесе ермексаздан сөмке, әшекей заттар жасауды меңгерту **сурет салу, мүсіндеу.**	«Ғажайып қоржын» ішінен бір ойыншықты ұстап сезу, бірақ көрмей атын атау.Топтағы ойыншықтарды сипаттауын ұйымдастыру. Қоржынана алған ойыншығы туралы не білетіндерін әңгімелету. Өздеріне ән немесе ертегі құрастыруына ықпал ету. **сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**

	жетілдіру. карточкаларға қарап құрастыру материалдарынан ойыншықтар құрастырту. **құрастыру** Дәстүрден тыс әдіспен ойыншықтар бейнесін бояту **сурет салу**				
Балалармен жеке жұмыс	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:** балаларға сурет салу тәсілдерін үйрету Сейліхан Айсұлтан, Болатбек Хантөре, Мақсатқызы Ақмарал Шығаршашылық дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:**Ертегіні оқи отырып, қандай кейіпкелер екенін және оларды атау Алахыш Нұржау, Әрми Дархан, Жеңіс Мұстафа Коммуникативтік дағды қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:** « Бір»» Көп» ұғымдарын ажыратуды үйрету Дәукен Нұрасыл, Сейілхан Аяна, Абдел Айшолпан. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті:** Заттардың көлемі мен пішіндерін ажырату Амантай Заңғар Сейсен Айзере Мақсұтбек Нұржігіт Танымдық дағдыларын қалыптастыру	**Баламен жеке жұмыс: Міндеті;** Өз бетінше киініп, шешінуге үйрету Қазез Ертуған, Тұрғанбай Бейбарыс Тұрғанбай Бекарыс Физикалық қасиеттерді дамыту
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (**сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**.				
Серуен	**Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,- дейді.Осы сәтте	**Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар	**Қимылдық ойын:** «Көрші». **Мақсаты:** Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:**	**Қимылдық ойын:** «Итеріспек» **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса,	**Қимылдық ойын:** «Үрпек төбет» **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана

	қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді.	тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға шығады.	Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды.	жеңілгені.Ойын жалғаса береді.	жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, Ояталық жақындап барайық та, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар,				

	санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).**
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	**«Өнегелі 15 минут»** - Әңгімелесу: "Балабақша ережелері", "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?"тақырыптарында адамгершілік және мінез-құлық туралы әңгіме жүргізу **Сыпайы сөздер: Сау болыңыз! Рахмет!**

Тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Қыркүйек айы 2024 жыл 3апта

Білім беру ұйымы : «Балауса» бөбекжай-балабақшасы.
Топ: «Балдырған» ортаңғы топ
Балалардың жасы: 3 жаста
Жоспардың құрылу кезеңі: 16.09.-20.09.2024ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09.2024ж	Сейсенбі 17.09.2024ж	Сәрсенбі 18.09.2024ж	Бейсенбі 19.09.2024ж	Жұма 20.09.2024ж
Балаларды қабылдау	**Күй күмбірі:** «Балбырауын». Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүр туралы жеке әңгіме, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары(асық ату). **Физикалық дағды.Ұлттық құндылық. Коммуникативтік дағды**	**Күй күмбірі:** «Адай». Балаларға қазақтың әдеби шығармалары туралы түсінік беру.Бейне суреттер арқылы жұмбақ жасыру.**Коммуникативтік дағды.Бір тұтас тәрбие.**	**Күй күмбірі**: «Көңіл толқыны» . Ұлт қазынасы-күйші ,домбырашы Секен Тұрысбеков туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. **Коммуникативтік дағды.Ұлттық құндылық.**	Көңілді күн әнімен қарсы алу.Ата-аналармен балаларды бірге дәлізде би қимылдарын жасату. **Шығармашылық дағды.Физикалық дағды.Біртұтас тәрбие.**	Балаларды ата-аналарымен «Айырмашылығын тап»ойыны арқылы қарсы алу.Мақсаты Әр ата-ана өз баласының ерекшелігін айтады.**Коммуникативтік дағды**
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңесберу	Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың шкафында не болуы керек?» кеңес беру Баланың денсаулығы жайлы,басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме **Сыпайы сөздер: Сәлеметсіз бе?Қайырлы таң! Қайырлы күн!Кешіріңіз**				
Балалардың күнделікті орындайтын әрекеттері	«Менің Қазақстаным»,ҚР мемлекеттік гимнін күнделікті орындау**.**Балалармен мінез-құлық ережелері,төтенше жаңдайдағы әрекеттер,серуен кезіндегі арнайы аумақтарда жүру,бей таныс адамдармен сөйлеспеу,табиғаттағы				

	қауіпті нысндардан аулақ болуға түсіндірме жұмыстарын жүргізу.				
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата алады.**Қоршаған ортамен таныстыру**	«Құстарға көмектесеміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.**Экологиялық тәрбие**	«Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. **Қоршаған ортамен таныстыру**	«Балық аулау» Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық қабілетін дамиды **Танымдық дағдылар**	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы «Тілге бойлау» жобасы қазақ тілін меңгеру.**Бір тұтас тәрбие жоспарынан**
Таңертенгі жаттығу	**Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ((Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен)** 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). **(дене шынықтыру, дербес әрекет).**				
Таңғы ас	«Өнегелі 15- минут».Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)**				
Апта дәйек сөзі	**« Ақырын жүріп анық бас,еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы**				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Көкөністер мен жемістердің суретін салу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **Сурет салу**	Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **Құрастыру**	Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу**	Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау **Жапсыру**	Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету) **Қоршаған ортамен таныстыру**
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** «Доп». Доппен орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар. Мақсаты: Жатып орындалатын жаттығулармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Үш метрден он метрге дейін қайталаманлы (челночный) жүгіруге жаттықтыру; іші толтырылған допты аттап жүруге жаттықтыру.	**Дене шынықтыру** «Жатып орындайтын жаттығулар». **Жатып орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар Мақсаты:** Жатып орындалатын жаттығулармен таныстыру. Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту. Іші толтырылған допты аттап	**Музыка. Мақсаты:** Музыканың көңілді, көңілсіз, баяу түрлерін ажырата білуге баулу. **Көңілді музыкамен балалар залға кіреді** Музыка жетекшісі балаларға: Бір үйде қояндар өмір сүріпті. Олар сондай көңілді қояндар болыпты. Қояндар көңіл көтеріп билегенді жақсы көріпті – деп (қояндардың билеп жатқан суретін көрсетеді). Ал қояндар шаршағанда жатып ұйықтайды екен. Аналары болса балаларына бесік жырын айтып береді екен (қояндардың ұйықтап жатқан суреттерін көрсетеді). Әрі қарай музыка	**Дене шынықтыру** «Бір орыннан ұзындаққа секіру». Заттарсыз орындалатын жалпы дамытушы жаттығулары Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулар. Мақсаты: Бір орынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. Тепе-теңдікті сақтау және бағдарлай білу біліктерін дамыту. Еңбектеуге және арқан немесе гимнастикалық қабырғада өрмелеуге үйрету; гимнастикалық орындық үстінде жүруді бекіту. Еркін ойын: «Мысық пен торғайлар». Күтілетін нәтиже: бір орыннан ұзындыққа секіруді біледі.	**Қазақ тілі** Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтарды жаттауға баулу. Бір үйде біз нешеуміз? Кел санайық екеуміз. Бас бармағым – атам, Балан үйрек – апам, Ортан терек – әкем, Шылдыр шүмек – анам, Кішкентай бөбек – мен. Біз үйде нешеуміз? Біз үйде – бесеуміз.

	Еркін ойын: «Ұядағы құстар». Күтілетін нәтиже: үш метрден он метрге дейін қайталамалы жүгіре алады.	жүруге жаттықтыру. **Еркін ойын:** «Ұядағы құстар». **Күтілетін нәтиже:** ойынның шарттарын сақтайды	жетекшісі балалардан, сурет бойынша қояндардың нестеп жатқанын айтып беруді және музыканы тыңдап қимылдарымен көрсетуді сұрайды. **Музыка тыңдау:** «Ақ қоян» **Музыкалық-ырғақты қимыл:** Аяқты топылдату. **Күтілетін нәтиже:** Музыка сипатына сәйкес қимылдайды, жанрды ажыратады. .		
	Күз мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау. Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету. **сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**	«Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны. Шарты: қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-бірден алып шығады. Мысалы: – Аспазға азық-түлік, қазан, таба, тамақ пісіретін плита керек. – Дәрігерге дәрумендер, температура өлшегіш	«Бала бала балапан» әнін айтқызу. би қимылдарын жасату. Балапан туралы не білетінін сұрау. **сөйлеуді дамыту** «Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту. **сурет салу ұлттық құндылық** Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу **құрастыру**	«Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде күз бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету. **көркем әдебиет** Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санату **математика негіздері** Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық	Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар.. Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету. **көркем әдебиет** Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Олардысалыстыру, санату, **(математика негіздеріжәнемүсіндеу)** Көліктергеарнапгараж құрастырғызу**(құраст**

		(градусник), дәке керек. **сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру**		жұмыстарды жасату.**сурет салу, мүсіндеу жапсыру**	**ыру)**
Екінші таңғы ас	«Ас- адамның арқауы» Балалардың дұрыс тамақтануын қадағалау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру:мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз.				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту**				
